

# УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

ӘОЖ 343.3/.7

DOI: 10.54649/2077-9860-2024-2-52-57

**Н.Д. Тлешалиев<sup>1</sup>**

<sup>1</sup> Ph.D, қауымдастырылған профессор,  
Каспий қоғамдық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

**Рахат Қайратұлы<sup>2</sup>**

<sup>2</sup>Каспий қоғамдық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

### Аңдатпа

Мақалада діни экстремизмге қарсы іс-қимыл түсінігі және негізгі шарттары қарастырылған. Қазіргі жағдайда мемлекет пен діннің өзара байланысына назар аударылады. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидаты зерттеленеді.

**Түйінді сөздер:** экстремизм, экстремизмге қарсы іс-қимыл, қылмыстар, экстремизмді қаржыландыру, экстремизмнің профилактикасы, экстремистік әрекеттер, экстремистік материалдар, экстремистік ұйым.

**Н.Д.Тлешалиев<sup>1</sup>**

<sup>1</sup> PhD, ассоциированный профессор,  
Каспийский общественный университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы  
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

**Рахат Қайратұлы<sup>2</sup>**

<sup>2</sup>Каспийский общественный университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы

## ПОНЯТИЕ И ОСНОВНЫЕ УСЛОВИЯ БОРЬБЫ С РЕЛИГИОЗНЫМ ЭКСТРЕМИЗМОМ

### Аннотация

В статье рассмотрено понятие и основные условия борьбы с религиозным экстремизмом. В современной ситуации внимание уделяется взаимоотношениям государства и религии. Исследуется принцип отделения религии и религиозных объединений от государства.

**Ключевые слова:** экстремизм, противодействие экстремизму, преступления, финансирование экстремизма, профилактика экстремизма, экстремистские действия, экстремистские материалы, экстремистская организация.

**N.D. Tleshaliev<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ph.D, Associate Professor,  
Caspian Public University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty  
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

**Rakhat Kairatuly<sup>2</sup>**

<sup>2</sup>Caspian Public University  
Republic of Kazakhstan, Almaty

## CONCEPT AND MAIN CONDITIONS OF COMBATING RELIGIOUS EXTREMISM

### Annotation

The article examines the concept and main conditions of combating religious extremism. In the current situation, attention is paid to the relationship between the state and religion. The principle of separation of religion and religious associations from the state is studied.

**Keywords:** extremism, counteraction to extremism, crimes, financing of extremism, prevention of extremism, extremist actions, extremist materials, extremist organization.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22 бабында: «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» [1] – делінген. Осы бас құжаттың ішінде еліміздің мәдени-тарихи, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайлар әсерімен қалыптасатын мемлекет пен дін арасындағы байланыста өзіндік ерекшеліктері болады.

Дін-қоғамдық санының біртүрлі; дүниетаным, моральдық нормалардың жиынтығы және болмыстың барлық материалдық және рухани формаларын жасаған және жасайтын табиғаттан тыс әлем мен табиғаттан тыс тіршілік иелерінің (рухтар, құдайлар немесе Құдай) бар [2].

Діни мазмұндағы ақпараттық материал дегеніміз – кез келген материалдық жеткізгіштегі діни сипаттағы баспалық, электрондық және өзге де ақпарат [2].

Қазіргі жағдайда мемлекет пен діннің өзара байланысын, бір жағынан, мемлекет институттарының байланыстары мен қарым-қатынастарының тарихи тұрғыдан қалыптасқан және өзгеріп отыратын формаларының жиынтығы, екінші жағынан, конфессиялардың (діни бірлестіктердің, рухани-әкімшілік орталықтарының, діни құрылымдардың) институциональды пішіні деп түсінген жөн. Бұл қатынастар негізінде заңдық тұрғыдан бекітілген діндер мен діни бірлестіктердің қоғам өміріндегі орны, олардың қызметі, барлық субъектілерінің әрекет ету аясында

жатыр. Міне, осы қатынастарды дінтанулық талдауға салу, мемлекет пен конфессияаралық қатынастардың мәдени астарларын ашу бұл диссертациялық жұмыстың басты мақсаты болмақ.

Қазақстанның дін саласындағы саясатының басымдылығы қоғамда қалыптасқан бүгінгі жағдайда әлеуметтік, рухани құндылықтар мемлекеттің консолидациялануында тікелей қызмет етуі, алғашқы талап болуы керек деп есептейміз. Еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету зайырлы мемлекеттің басты қажеттілігі болуы керек [2].

Жаһандық дағдарыстардың ықпалы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік қауіпсіздігіне тікелей әсер етіп, қауіп төндіріп отырғаны мәлім. Оның негізгі көріністері ретінде дінаралық қақтығыстар, лаңкестік және экстремистік пиғылдағы арнайы топтардың қимыл-әрекетінен өз нәтижелерін беруде. Осылардың алдын-алуы үшін, мемлекеттің ішкі саясатына қайшы субъективті күштердің елдің қауіпсіздігі мен бейбітшілігіне нұқсан келтіруге бағытталған шараларына тойтарыс беріп отыратындай, дінаралық толеранттылықты тұрақтандыруға арналған іргелі жобаларды жүзеге асыру еліміздің осы бағыттағы саясатының басты мүддесі болмақ. Осы саяси іс-қимылдардың ар-ождан бостандығын жүзеге асыру барысындағы бағыт-бағдарларына дінтанулық талдау жасау осы жұмыстың басты сипаттамасы.

Діннің жалпы жандану процестері негізінде пайда болған экстремизм құбылысының бұрынғы кеңестік республикалары аумағында, әсіресе, Орталық Азия мен Қазақстанда

бой көрсетуі - бұл елдердің келешек за-йырлы дамуы мен бүтіндігіне айқын қауіп төндіріп отырған басты проблемалардың бірі. Экстремистік тенденциялардың күшеюі және оның террористік әрекеттерге алып келу қаупі ортаазиялық мемлекеттер мен Қазақстан үкіметтерінің алдына жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуде аталмыш мәселеге жоғарғы дәрежеде көңіл бөлуді қажет етеді.

Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет, Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе балалардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды [3].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде, қазіргі уақытта 100-ден астам этнос Қазақстанда өзара түсіністік пен келісім жағдайында өмір сүреді. 18 конфессияның 4 мыңға жуық діни бірлестігі еркін жұмыс істеп жатыр. Мұны біздің бағажетпес байлығымыз әрі мызғымас басымдығымыз деп санаймыз. Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты. Бұған дейінгі форумдарда қабылданған декларацияларда қандай идеялардың атын жамылғанына қарамастан радикализм, зорлық-зомбылықпен қақтығыстар әрдайым сынға алынды. Қазіргі күрделі жағдайда діни көшбасшылардың бір үстел басына отырып, кез келген қайшылықты еңсеретін ізгі амалдың үлгісін күллі әлемге көрсетуі аса маңызды [4].

Экстремизм – мыналардың: жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

– Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді,

егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

– нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

– діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы [5].

Мемлекеттің дін саласындағы саясатын дінтанулық тұрғыдан зерделеу, мемлекет пен діни бірлестіктер қатынасындағы қағидаттарды қазіргі заманғы реттеу әдістерін қалыптастырудың өзектілігі, дәстүрлі қазақ қоғамындағы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени үрдістердің әсерінен пайда болған бірегейлік сипатқа ие қазақ даласындағы діндарлық эволюциясын ескере отырып, соңғы жылдары осы салада билік құрылымдары мен кейбір діни ұйымдар тарапынан құқықтық нигилизмнің кейбір көріністерін жоюға бағытталады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің дін істер комитетінің мәліметіне сәйкес, 2023 жылғы 4 тоқсанда дінтану сараптамасы жүргізілген 920 материалдың 598 – оң, 1158 – теріс қорытынды берілді. Сондай-ақ, 164 материал діни емес, шет тілдерінде және ақаулы екендігі анықталды. 291 астам интернет-ресурстың мазмұны талданды, олардың ішінен құқыққа қарсы сипаттағы материалдарды қамтитын 128 интернет-ресурсқа сілтеме анықталды [6].

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметіне сәйкес, Экстремистік деп танылған

және Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салынған діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдардың жалпы тізімі 1148 болып табылады [7].

Қазіргі таңда Қазақстан аумағында тыйым салынған террористік құрылымдардың ұлттық тізіміне келесі шетелдік ұйымдар енгізілген:

I. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде: 1. «Аль-Каида» 2. «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс» 3. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс» 4. «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»).

II. Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес: 5. «Асбат аль-Ансар» 6. «Братья-мусульмане» 7. «Талибан» қозғалысы 8. «Боз гурд» 9. «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер» 10. «Лашкар-е-Тайба» 11. «Әлеуметтік реформалар Қоғамы».

III. Астана қаласы сотының 2005 жылы 28 наурыздағы шешімін есәйкес: 12. «Хизб-ут - Тахрир» ұйымы.

IV. Астана қаласы сотының 2006 жылы 17 қарашадағы шешіміне сәйкес: 13. «АУМ Синрикё» 14. «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»

V. Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешіміне сәйкес: 15. «Түркістан ислам партиясы».

VI. Атырау қаласы сотының 2011 жылғы 25 қазандағы шешіміне сәйкес: 16. «Джунд-аль-Халифат».

VII. Шығыс Қазақстан облысы арнайы ауданаралық экономикалық сотының 2012 жылғы 7 маусымдағы шешіміне сәйкес: 17. РҚБ «Сенім. Білім. Өмір»

VIII. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешіміне сәйкес: 18. «Таблиги джамагат».

IX. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2014 жылғы 18 тамыздағы шешіміне сәйкес: 19. «Ат-такфируаль-хиджра»

X. Астана қаласы Есіл ауданы сотының 2015 жылдың 15 қазан айында қабылданған шешіміне сәйкес: 20. «Ислам мемлекеті» (ДАИШ) 21. «Ан-Нусра фронты» 22. «Йакын Инкар» Астана қаласы Есіл ауданы сотының 2018 жылғы 10 қазандағы шешіміне сәйкес экстремистік ұйым болып табылды [8].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабында ар-ождан бостандығы ойлау бостандығы мен дін бостандығына сәйкес келеді. Әркімнің ой, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар, бұл

құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту бостандығын және өз діні мен наным-сенімін жеке немесе басқалармен бірлесе отырып, оқыту, ғибадат ету және діни рәсімдерді орындау кезінде қоғамдық немесе жеке тәртіпте көрсету бостандығын қамтиды деген ойлар айтылған [9].

Осы Декларацияның 19-бабында, ой еркіндігі мен сөз бостандығынан ажыратуға болмайтын пікірге бостандық қосылды: әркім өз пікірін білдіруге және пікір айтуға құқылы; бұл құқық өз көзқарастарын еркін ұстану бостандығын және кез-келген тәсілмен және мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және тарату бостандығын қамтиды. Сонымен қатар, жалпы мойындауға сәйкес, бұл мәтін саяси немесе кез-келген басқа, дін туралы сенімге қатысты көзқарас екенін айтуымыз керек [9].

Кейінгі барлық халықаралық актілерде идеологиялық құқықтар мен бостандықтардың мазмұны «ой, ар-ождан, дін және сенім бостандығы» формасына біріктірілді. Атап айтқанда, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі конференцияның қорытынды актісі: ... VII. Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын, соның ішінде ой, ар-ождан, дін және сенім бостандығын құрметтеу. Қатысушы мемлекеттер адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, соның ішінде ойлау, ар-ождан, дін және наным-сенім бостандығын, нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамай-ақ құрметтейді. Осы шеңберде қатысушы мемлекеттер жеке адамның өздінін ұстану еркіндігін мойындайды және құрметтейді. Жалғыз немесе өзгелермен, дінмен немесе сеніммен, өзіңіздің ар-ожданыңызға сай әрекететіңіз ...» [10] деген ойлар айтылған.

Осы бағыттар Қазақстан Республикасының егенмендік алғаннан бергі дін саласындағы саясатында әрқашанда басымдықта болды. Себебі демократиялық ұстанымдарды қолдаған қазақ елі барлық халықаралық ар-ождан бостандығына байланысты актілерді, идеологиялық және құқықтық ұстанымдарды сақтауға тырысты.

Т. Темірбаев пікірінше, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында исламдық білім беру саласында мамандандырылған 12 діни оқу орны жұмыс істейді деді. Сонымен қатар Қазақстанның исламдық білім беру саласындағы жолы-оның бірегейлігін қалыптастыратын, азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейтетін және оның әлемде

болуын нығайтатын өсу мен бейімделудің серпінді процесі. Дәстүр мен қазіргі заман арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, Қазақстан болашақ ұрпақ үшін өзінің білім беру мұрасын байытады, исламдық оқу орындарының оқытушылары мен түлектерінің көзқарастары мен тәжірибесін жан-жақты бағалау негізінде біз бүгінгі таңда біздің қоғамдастықтың алдында тұрған бірқатар сын-қатерлерді анықтадық. Бұл материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, қажетті мөлшерде оқу және әдістемелік материалдардың болмауы, қаржыландырудың жетіспеушілігі, сондай – ақ оқытушылардың құзыреттілігін арттыру қажеттілігі", - деп атап өтті [11].

Сонымен, «діни экстремизм» құбылысының елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде алатын орнын зерттемес бұрын, алдымен оның жалпы атауы мен терминдік мағынасына тоқталып, оның мән-мағынасын айқындап алалық. Аталмыш құбылыс жайындағы түсінік беріп, оны алғаш зерттеген кеңестік ғалым Э.Г. Филимоновтың пікіріне жүгінетін болсақ, ол өз ойынбылайша берген: «Порой понятие «религиозный экстремизм» отождествляют с религиозным фанатизмом, распространяют на всех фанатично верующих людей, особенно из незарегистрированных сектантских объединений и групп, что является также ошибочным» [12,26 б.].

«Экстремизм», «фанатизм», «терроризм» сөздері ауыстырылып қолданылып жататындығын, жоғарыда келтіріп кеткен ақпарат беттеріндегі мақалаларда, саясаткерлер мен мамандардың белгілі бір діни құбылысқа баға берулері кезінде көп кездесетіндігін айтып өткен болатынбыз. Мұны, бәлкім, әуелгі кезде сол құбылыстардың басты идеологиялары мен түр-сипаттарын дәл басып айыра алмауымен де түсіндіруге болар. Сондықтан зерттеу жұмысымызда экстремизм түсінігінің осы жағына аса көңіл бөліп, оны анықтап алу мақсатында біршама жұмыстар жасалмақ.

«Экстремизм» (extremus, орысша - крайний) сөзін латын тілінен аударғанда «төтенше»,

«нағыз», «барып тұрған», «шектен шыққан» деген мағыналарды беретіндігін байқаймыз. Э.Г. Филимонов экстремизм мағынасын былайшатап-түсіндіреді: «Под экстремизмом как явлением общественной, прежде всего общественно-политической жизни, в научной литературе принято понимать приверженность к крайним взглядам и мерам (от лат. слова extremus - крайний), а сторонников таких взглядов и действий называют экстремистами» [13,6 б.].

Қорытындылай келе экстремизмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін экстремизмнен қорғауды қамтамасыз етуге, экстремизмнің алдын алуға, оны анықтауға, оның жолын кесуге және салдарларын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызметі.

Экстремизмді қаржыландыру – жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің экстремистік сипатын не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің экстремизмді жүзеге асыру не экстремистік топты, экстремистік ұйымды, заңсыз әскерлендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі.

Экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары болып экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау; экстремизмді анықтау және оның жолын кесу; экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

#### Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
2. Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы. Аналитикалық есеп 4-тоқсан 2023 жыл. Астана-2023 жыл
3. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы.

4. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде сөз сөйледі 2022 жылғы 14 қыркүйек <https://www.akorda.kz>
5. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы.
6. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің дін істер комитетінің мәліметі 2024 жыл. <https://www.gov.kz/memleket>
7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті мәліметі. 2024жыл.
8. Перечень зарубежных организаций, запрещенных в РК Версия для печати. Последнее изменение: 19.12.2023 г. <https://egov.kz>
9. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған.
10. Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод - Подписана 04.11.1950 г., является основополагающим документом Совета Европы; Заключительный акт Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе - Хельсинки, 30 июля - 1 августа 1975 года и других)
11. Международная научно-практическая конференция «Исламская теология в современной системе образования: проблемы и перспективы». Болгария. 2023 год.
12. Филимонов Э.Г. Кризис веры и религиозный экстремизм // Наука и религия. – 1980. – №2. – С. 26.
13. Филимонов Э.Г. Социальная и идеологическая сущность религиозного экстремизма. – М.: Знание, 1983. – С. 61.

#### References:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
2. Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалау. Аналитикалық есеп 4- тоқсан 2023 жыл. Астана-2023 жыл
3. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы.
4. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде сөз сөйледі 2022 жылғы 14 қыркүйек <https://www.akorda.kz>
5. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы.
6. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің дін істер комитетінің мәліметі 2024 жыл. <https://www.gov.kz/memleket>
7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті мәліметі. 2024жыл.
8. Перечень зарубежных организаций, запрещенных в РК Версия для печати. Последнее изменение: 19.12.2023 г. <https://egov.kz>
9. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған.
10. Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод - Подписана 04.11.1950 г., является основополагающим документом Совета Европы; Заключительный акт Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе - Хельсинки, 30 июля - 1 августа 1975 года и других)
11. Международная научно-практическая конференция «Исламская теология в современной системе образования: проблемы и перспективы». Болгария. 2023 год.
12. Филимонов Э.Г. Кризис веры и религиозный экстремизм // Наука и религия. – 1980. – №2. – С. 26.
13. Филимонов Э.Г. Социальная и идеологическая сущность религиозного экстремизма. – М.: Знание, 1983. – С. 61.